

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024. 11 (2)
сәуір-маусым

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2024
© Авторлар ұжымы, 2024

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Гелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024
© Коллектив авторов, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матъжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvyš Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2024
© Group of authors, 2024

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyzyanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 11. Is. 2, pp. 435–446, 2024
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_38_2_435-446

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN

Aknur Amangeldiyevna Oralova^{1}*

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

PhD doctoral student, researcher

 <https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Oralova A.A., 2024

Abstract. *Introduction.* The article examines the personality and origin of the Kozhabergen batyr Zhanibekuly in Kazakh genealogies and samples of oral history. The name of Kozhabergen batyr has been preserved in folk tales and legends. *The purpose of the study* is the Kozhabergen batyr, who came from the Shybaraygyr clan of the Abak-Kerei tribe, and one of the batyrs, whose name is not glorified in Kazakh history, but who still has not received due attention in domestic science. *Results.* The results and conclusions obtained from a comprehensive consideration of the topic opened the way to clarifying the family of Sardar Kozhabergen and a military figure in Kazakh History. As a result of the study, materials related to the origin and life history of the batyr were grouped and analyzed. *Conclusion.* As a result of a comprehensive review of oral and written sources used in the article, and research within the framework of the topic, data on the origin and military appearance of Kozhabergen Batyr, trusted commander of Khan Abylay, hero and diplomat, was analyzed. Attempts have been made to describe the historical portrait of Sardar and assess his place in history.

Key words: Genealogy, oral history, Kozhabergen batyr, sardar, Abak-Kerey, Shybaraygyr, descendants of the batyr


For citation: Oralova A.A. Some sources about the origin and battle appearance of Sardar Kozhabergen // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 2. Pp. 435–446. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_435-446

ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ KEЙБІР ДЕРЕКТЕР

Ақнұр Амангелдіқызы Оралова^{1}*

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD-докторант, ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

*Корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Оралова А.А., 2024

Аңдатпа. *Kipisce.* Мақалада Қожаберген батыр Жәнібекұлының қазақ шежірелері мен ауызша тарих үлгілеріндегі тұлғалық келбеті мен шығу тегіне зерттеу жүргізіледі. Қожаберген батыр тұлғасы халық ауыз әңгімелері мен тарихи аңыздарда сақталған. Оның есімі қытай-маньчжур деректерінің шежірелік кестесінде, сондай-ақ революцияға дейінгі кезеңдегі орыс тарихшыларының еңбектерінде батыр туралы аңыз-ертегілердің бірқатары берілген. *Зерттеу мақсаты* қазақ тарихындағы есімі ұлықталмай, ерлік жолы ғылыми тұрғыда зерттеу аясынан тысқары қалып келе жатқан батырдың бірі – Абақ-Керей тайпасының Шыбарайғыр руынан тараған Қожаберген батыр Жәнібекұлының шығу тегі мен келбетін ашу. *Нәтижелер.* Тақырыпты жан-жақты қарастыруда қол жеткізген нәтижелер мен ой-қорытындылар Қожаберген сардардың ата-тек әулеті мен Қазақ тарихындағы күрескерлік келбетін анықтауға жол ашты. Зерттеу нәтижесінде батырдың шығу тегі, өмір тарихына қатысты материалдар талданды. *Қорытынды.* Мақалада қолданылған ауызша және жазбаша деректер мен тақырып аясындағы зерттеулерді жан-жақты қарастыру нәтижесінде Абылай ханның сенімді сардары, батыр әрі дипломат Қожаберген батырдың шығу тегі мен күрескерлік келбеті туралы деректер талданды. Сардардың тарихи портретіне сипаттама жасауға және тарихтағы орнына баға беруге талпыныстар жасалды.

Түйін сөздер: Шежіре, ауызша тарих, Қожаберген батыр, сардар, Абақ-Керей, Шыбарайғыр, батыр ұрпақтары

Дәйексөз үшін: Оралова А.А. Қожаберген сардардың шығу тегі мен күрескерлік келбеті туралы кейбір деректер // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 2. 435–446 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_435-446

НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА

Акнур Амангелдыевна Оралова^{1*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD-докторант, научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-4979-4203>. E-mail: aknur.oralova@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Оралова А.А., 2024

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается личность и происхождение батыра Кожабержена Жанибекулы в казахских генеалогиях и образцах устной истории. Имя Кожабержена батыра сохранился в народных сказках и легендах. *Цель исследования.* происходившего из рода Шыбарайғыр племени Абак-Керей Кожабержен батыра, и одного из батыров, имя которого в казахской истории не прославлено, но который *до сих пор не* уделяется должного внимания в отечественной науке. *Результаты.* Результаты и выводы, полученные при комплексном рассмотрении темы, открыли путь к выяснению родовой семьи сардара Кожабержена и боевого деятеля казахской истории. В результате исследования были проанализированы материалы, связанные с происхождением и историей жизни батыра. *Заключение.* В результате всестороннего рассмотрения устных и письменных источников, использованных в статье, и исследований в рамках темы, проанализированы данные о происхождении и боевом облике Кожабержен-батыра, доверенного полководца хана Абылай, героя и дипломата. Предпринимались попытки описать исторический портрет Сардара и оценить его место в истории.

Ключевые слова: Генеалогия, устная история, Қожаберген батыр, сардар, Абак-Керей, Шыбарайғыр, потомки батыра

Для цитирования: Оралова А.А. Некоторые источники о происхождении и боевом облике сардара Қожабергена // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 2. С. 435–446. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_2_435-446

Кіріспе

Отандық тарих ғылымында есімі аңызға айналған немесе зерттеу аясынан тысқары қалған тарихи тұлғаларды зерттеу арқылы ғалымдар белгілі бір тарихи оқиғалардың көрінісін жаңа қырынан жаңғыртуға мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Қожаберген батырдай тұлғаға деңгейлес тарихи тұлғалардың шығу тегі мен өмірін, саяси-дипломатиялық қызметін, қайраткерлік келбетін тарихи тұрғыдан зерттеу қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе. Қожаберген батыр туралы кешенді түрде зерттеу ғалымдар назарынан тысқары қалуы, қазіргі таңда батыр жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының мардымсыздығы, көпшілікке батыр есімінің лайықты тұрғыда ұлықталмауы тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

Батыр Қожаберген Жәнібекұлының ғұмыр тарихы мен шығу тегін зерттеу оның батырлық келбеті мен Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы тарихының кейбір тұстарын анықтауға жол ашады.

Өкініштісі, кеңестік тарихнамада XVII–XVIII ғасырдағы қазақ халқы басындағы қасіретті жылдар, атап айтқанда, қазақ-жоңғар соғысы, қазақ-цинь қарым-қатынастары сынды тақырыптар ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына алынбады, сол себепті де, хандар мен батырлардың тарихы ескерілмеді. Бұл келеңсіздіктің салдары тұлғатану және батыртану саласына да кері ықпалын тигізді.

Батыр туралы халық арасында да, зерттеуші-ғалымдар мен әдебиетшілер тарапынан да біршама пікір-таластар бар екені жасырын емес. Мәселен айтар болсақ, ғалымдар мен зиялы қауым арасында Ашамайлы Керейден тарайтын жырау, әрі батыр Қожаберген Толыбайұлы мен Абак Керей Шыбарайғыр руының белді батыры Қожаберген Жәнібекұлын бір-бірімен шатастыра қарастыру жағдайлары кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда Қожаберген батырдың шығу тегін зерттеу мен отандық ғылымдағы тарихи рөлін бағамдау мақсатында тарихи деректерді жинақтап, талдаудың өзектілігі басым. Осы зерттеуде батырдың шығу тегі ғылыми негізде талданып, Қожаберген сардардың тарихи портреті сипатталады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік негізін архив құжаттары мен жарияланған құжаттар жинағы, ауызша тарих дәстүрлеріндегі және сирек қолжазба қорларындағы материалдар, орыс саяхатшыларының еңбектеріндегі құнды тарихи мәліметтер, сондай-ақ отандық және шетел ғалымдарының зерттеулері құрайды, батырдың шығу тегін қарастыруда Қожаберген батыр ұрпақтары аузынан жазылып алынған ауызша деректер де қолданыс табады. Тақырыпты зерттеуде функционалистік бағыт теориясын негізге алу батырдың тұлғалық келбетін, қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы рөлі мен ерлік қызметін баяндауға мүмкіндік берді. Мақаланы жазуда тарихи таным, жүйелілік, тарихилық және объективтілік принциптері негізге алынып, батырдың шығу тегі мен күрескерлік келбетін қарастыруда салыстырмалы-тарихи, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық әдістер пайдаланылды. Тақырыпты ұлттық мүдде тұрғысынан бағалауда және Қожаберген сардардың тарихи оқиғалардағы күрескерлік келбетін қалпына келтіруде деректанулық сын тәсілін қолдану – зерттеудің методологиялық негізін салмақтады.

Талқылау

Тарихи деректерде Қожаберген есімін арқалаған бірнеше тұлғалардың есімі аталады. Әсіресе, ғылыми-көпшілік арасында есімде көпке танымал Орта Жүз Абак Керей тайпасынан шыққан батыр Қожаберген мен Ашамайлы Керей тайпасы батыры, әрі жырау Қожаберген сынды екі түрлі тарихи тұлғаның тағдырларын шатастыру жағдайлары көптеп орын алады. Қос Қожабергеннің де қазақ халқының еркіндігі мен бірлігі жолындағы мемлекетшілік

қызметінде ұқсастықтар мен ерекшеліктерді кешенді зерттеуді қажет етеді. Деректерде аталар тағы бір үшінші Қожаберген – Бұхараға арнайы Орынбордан жіберілген поручик Я.П. Гавердовскийдің Қазақ даласының тарихы, географиялық жағдайы мен этнографиясы туралы қолжазбаларында «Қожаберген» есімі айтылады. Алайда, бұл Қожаберген (Хочжаберген) Әбілғазы сұлтанның жанындағы Кіші жүз Әлім тайпасынан тараған Шекті руының атақты би-батырлары Жаназар, Жанұзақ (Чжанзак), Утуған (Утюган) сынды елдің беделді адамдарымен қатар тұрған тарихи тұлға (История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков, 2007: 416).

Аталған Қожабергендердің қайсысы болса да Қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру мен азаттыққа қол жеткізудегі күрескерлік қызметтері әр қилы. Бұл зерттеу Орта Жүз Абақ Керей тайпасынан шыққан батыр Қожаберген батырдың шығу тегі мен тұлғалық келбетін ашуды көздейді.

Қазіргі күнге дейінгі қолда бар мәліметтерге қарағанда, өкінішке орай, Батырдың өмір сүрген жылдары туралы нақты жазба деректер кездеспейді. Алайда, Қожаберген батырдың өмірі туралы алғаш деректерді халық аузындағы әңгіме-аңыздарда, мәнжу тіліндегі жазба құжаттарда азды-көпті мағлұматтар кездеседі. Сонымен қатар бүгінде көзі тірі Қожаберген сардардың ұрпақтары аузынан жазылып алынған ауызша деректердің де маңыздылығы үстем болып отыр. Бізден бұрынырықта, батырдың шығу тегі жайында ауызша мәліметтерді жинақтап артына өшпес мұра қалдырған, Қожаберген батыр Жәнібекұлы туралы халық аузындағы деректерді жинақтап, оны сақтаумен айналысқан Аңдақайұлы Шәкер атты азаматтың есімі белгілі. Бұл кісі жинақтаған шежіреде Қожаберген батыр туралы төмендегідей деректер айтылады: «Мәулімнен Шотпан, Етікші, Етікшіден Өтес, Өтестен Мұрат, Қанымбике, Сарыкөз, Тоғызақ, Қабыл, Шотпаннан Жәнібек, Жәнібектен Қожаберген, Қожаберген 61 жасында зертең ауруынан қайтыс болған. Табыты Сарыарқаның Қызылағаш деген жерінде қойылған. Қожабергеннің 2-күні (сейсенбі) дүниеге келіп, 5-күні (жұма) туын тігіп, жауға аттанып, жеңіске жеткен» (Зұрғанбайұлы, 1996: 48). Шежіреде батырдың қайтыс болған жылы туралы мынадай мәлімет жазылған: «Екі баласын ертіп, таудан асып Индияға дейін жауын жаулап барып, 90 қонақ жүріп, қайтып келе жатып, сырқаттаған екен. 61 мүшел жасында зертең ауруынан қайтыс болған дейді. 1860 (1870) жылдардың маңайында болған» (Зұрғанбайұлы, 1996: 58).

Батырдың жасы туралы мәселе бойынша, 1757 жылғы 25 тамызындағы Шет аймақтарды тыныштандыру әскерінің қолбасшысы Жаохуэйдің мәлідемесінде мәлімет кездеседі. Ойрат нояны Әмірсананы қолға ұстап беруін өтінген Цинь ұлығы Жаохуэйға айтқан сөзінде Қожаберген батыр былай жауап қайтарған екен: «Былыр Әмірсана мені паналап келіп, әке деп атағаны рас; мен оны бағып-қаққаным да өтірік емес... Мен өзім алпыстан асқан адаммын. Ненің жақсы, ненің жаманын білмейді дейсіз бе?!» (Еженханұлы, 2017: 171).

Бұл айтылған деректерді Цяньлун жылнамасының 32-жылы 8-айдың 4-күніндегі, яғни, 1767 жылғы 4 тамыздағы Тарбағатайдың хебе-амбаны Улден мен Фухудың мәлідемесіндегі ақпарат толықтыра түседі: «Биыл кәбісе 7-айдың 23-күні, қарауылымыздағылар Абақ-керей тайпасының қазағы Қожаберген мен Қазыбектің Жандәулет, Бекмырза есімді ұлдарын бізге бастап әкелген екен. Әлгі қазақтар пақырыңыз бізге сәлем бергелі келген екен. Біз олармен кездесіп, мән-жайды сұраған едік, олар: «Әкелеріміз амбан сіздермен амандасу үшін бізді арнайы осында жіберіп, сіздерге екі жылқы тарту етті. Келуіміздің басқа себебі жоқ», - деді (Еженханұлы, 2017: 418). Қожаберген мен Қазыбектердің сәлемдемелерін Патшалық қабыл алып, екі жас қазақ елшілерін мәмілегерлік байланыста шығарып салады.

Берілген құжаттарға қарап, логикалық талдау жасауға келеді. 1767 жылы Қожаберген батыр 70 жасты еңсерген адам болғаны анық, себебі, мұның алдындағы 1757 жылғы құжатта Қожабергеннің алпысты алқымдағанына көз жеткізіп едік. Бұл тұста, он жылдан соң, яғни батыр Қожаберген 70-тен асқан еңселі шағында да Цинь империясымен сауда және дипломатиялық байланыстарда белсенді рөл атқарып жүргендігін болжауға болады.

Қожаберген батырдың өміріне қатысты жоғарыда көрсетілген жазбаша және ауызша деректерге сүйенсек, оның 61 жасында зертең ауруынан көз жұмғаны шындыққа жанаспайды

деген логикалық болжам жасауға негіз бар. Сөзімізге, батырдың кіші әйелі Жүзіктен тараған ұрпақтарының бірі Омар Маусымұлы ел аузында сақталған мына бір ауызша тарихтан келтірген дерегі де растайды: «Қожаберген қартайып, өлер шағында, ер үйде жатып өлмейді деп, атқа мініп, ел аралап жүріп, түзде өлген дейді. Қожаберген бабамыз, менің болжауым бойынша, шамамен 1710–1715 жылдары туып, 1790–1795 жылдар шамасында қайтыс болуы мүмкін». Яғни, батырдың 80 жастан асқан шағында дүние салғанын алға тартады. Ендігі кезекте, Қожаберген батырдың тағы бір ұрпағы Досан Баймолда: «Абақ Керейден тараған Қожаберген Жәнібекұлы 1698–1783 жылдары өмір сүріпті» деген пікірді алға тартады.

Қолда бар деректерді салыстыра келе, біздің пайымда да батырдың ұзақ өмір сүргендігін жоққа шығармаймыз. Қожаберген батыр жамбасы жерге тигенше ат үстіне қонып, қазақ-қытай сауда байланыстарында белсенді қызмет атқарғандығын тарихи деректер растап отыр.

Қожаберген батыр Абылай ханның сенімді сардары, уәдеге берік адал досы, әрі қазақ-қытай қарым-қатынастары тоғысында сауда-дипломатиялық істер атқарған ақылды кеңесшісі бола білген. Сөзімізге В. Вельяминов Зернов жазбаларындағы мына тарихи факті дәлел бола алады: «На возвратномъ пути Арапова, ему говорили въ Атагайскомъ роде, что Гирейскаго рода Старшина Ходжа-Берганъ батыръ посылал нарочныхъ къ Аблаю, чтобъ уговорить его неездить къ Чжунгарской границы» (Вельяминов-Зернов, 1853: 96–98) деген дерек кездеседі. Бұл деректе Абылайдың Жоңғар шекарасына қарай бет алмауын өтініп, Араповпен қоса өз адамдарын жібергендігі айтылады. Себебі, бұл жағдай қырғыздарға қауіп төндірді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда да, Қожаберген батырдың Абылайға деген адал ниеті мен қызметін көруге болады.

Керей тайпасының мекен еткен аймақтары туралы бірқатар ғалымдар еңбектерінде шолу жасаған. Белгілі ғалым А.И. Левшин: «Орта жүздің Абақ керей тайпасы Обаған, Есім, Уй, Тоғызак, Ертіс, Есіл, Сарысу және Цу немесе Шу өзендері аймағы; сонымен қатар Үшқоңғыр; Кешубай Шарқар өзені маңы және Степнаядан Жоғары Ертіс бекіністеріне қарама-қарсы аймақ; сондай-ақ, Звериноголовский мен Пресногорьский аймақтарын мекен етті» (Левшин, 2009: 294) деп жазып қадырады.

М. Тевкелевтің 1748 жылғы құрастырған Орта және Ұлы жүз қазақтарының рулық құрамының сипаттамасында: «Орта жүз ордасында үш тайпа біріккен. Олар: Уақ (Увак), Керей, Тарақты. Орта жүз тайпалары Тобыл мен Есім өзендері жағалаулары мен Ертіс өзенінің жоғары ағысын, Көктау шатқалында көшіп-қонып өмір сүреді» (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках..., 1961: 407).

Ал, И.И. Крафт қырғыздардың далалық аймақтарындағы қырғыздарды басқару туралы еңбегінде Абақ Керей ұрпақтары Уақ (Увак), Керей (Герей) және Тарақты (Тараклы) деп үшке бөліп көрсетеді (Крафт, 1898: 16).

Орыс тарихшысы Г.Н. Потанин қырғыздарды Қара Ертістің далалық алқабын, Тарбағатай мен Саура жоталарының солтүстік беткейлерін және Алтайдың оңтүстік аймағын алып жатыр, ал кейбір қырғыздар Қобда өзені жағалауларында көшпелі өмір сүргендігін айтады. Ол өзінің 1876–1877 жылдардағы қырғыздар туралы жазбаларында Қожаберген батырдың шыққан тегі Абақ керей руы жайында мәлімет қалдырған. «Қара Ертістің далалық аймақтарын мекендеген қырғыздардың жері Абақ-керей және Қара-керей руларының иелігіне кірді: біріншілері – Ертіс-Зайсан ойпатының шығыс бөлігін қоныстанса, екіншілері батыс аймағын алып жатты (Потанин, 1881: 2).

Орта жүздегі Керей, Уақ тайпаларының тарихын түсінбегендіктен, уақ-керей және керей руларын шатастыру жиі кездеседі. Тәуке ханның тұсында, шашырап жүрген рулардың басы біріктіріліп, «уақ-керей руы» – деген атаумен Арғын тайпасына қосылған бұл дербес ру Солтүстік Қазақстандағы Преснов бекінісінен батысқа қарай, Обаған-Тобыл төңірегін мекендеген. Кезінде орыс авторлары бұл ерекшеліктерді түсінбегендіктен, уақ-керейдің бір тармағын «кіші керей» деп бөліп атаған сияқты. 1755–1756 жылдары осы кіші керейлер Қожаберген батырдың бастауымен Шығыс Қазақстанға қарай көшіп, Керей тайпасына қосылған, Тарбағатай, Алтай тауларын мекен еткен (Қазақтың ханы Абылай..., 2011: 134).

Зерттеу нәтижелері

Абақ-керейлер, сондай-ақ өздерін Ашамайлы-керейлер деп те атаған. Алайда, түпкі атасы бір рулардың қандай себеппен 12 атаға бөлінетіндігі түсіндірілмейді. Барлық керей халқы Сары Үйсіннен тарайды. Сары Үйсіннен – Қараби, Қарабидің ұлы – Абақ, Абақтан – Керей; ең соңғысынан Керей тайпасының 12 ұрпағы тарайды. Бұл он екі атаның атаулары: 1) Жантекей; 2) Жадық; 3) Шіреуші; 4) Ителі; 5) Қарақас; 6) Молқы; 7) Шыбарайғыр; 8) Меркіт; 9) Итемген; 10) Жастабан; 11) Сарбас; 12) Шимойын.

Алғаш төрт атадан – Жантекей, Жәдік, Шіреуші және Ителінің ортақ әкесі – Байлау-Құйлау. Осы рулар және Керей халқының төрт атасы жайындағы мәліметтерді Шыбарайғыр руының өкілі Теңізбайдан (Тэнгись-бай) жазып алынған. Жантекейден Сәмәмбет тарады, оның үш әйелі болған. Үлкені Бадан деп аталды; үш ұлы – Атантай, Есембай және Есентай; Есентайдан алты ұл – Базаркүл, Шақабай, Қыстаубай, Тоқыбай, Барқа және Тәттібай; соңғысына кіші ұлы болғандықтан арнайы сүйікті, тәтті деген мағынада осы есімді қойған секілді. Атантайдан алты ұл тарады. Олар: Итқара, Ақ-қошқар, Ақ-жігіт, ал қалған ұлдарының есімін Теңізбай (Тэнгись-бай) ұмытыпты. Бұл мағлұматтарды Теңізбайдың ұлы Көбештің деректерімен толықтырайық... Базаркүлдің ұлын Қотырақ деп атады, ал Қотырақтың ұлы – Мамыт, Мамыттан – Қондыбай. Сәмәмбеттің екінші әйелінен туылған ұлдардың есімдерін – Сүйіншәлі және Орыс деп атады. Сүйіншәліден төрт ұл – Секел, Кебек, Тайлақ, Қангелді (Кангильды) тарады. Орыстан Ботаға және Тәнібек атты екі ұл туды (Потанин, 1881: 3).

Ауызша деректерге сүйенсек, Абақ атауының шығуы туралы бірнеше болжамдар айтылады. Оның ішіндегі ел аузында көп таралған ауызша деректің бірінде: «Абақ деген әйелдің аты. Абақты керейдің Ақылбай атты ұрпағының бәйбішесінің аты. Оның есімі әйелі Аппақ екен, келе-келе Абаққа айналған. Қазір он екі ата Абақ деп жүрген бірлестік әуел баста сол Абақ бәйбішесінің өзі тәрбиелеген он екі немересінен өрбіген делінеді» (Маусымұлы, 2023: 12).

Шыбарайғыр руының шежіресі жайында қолда бар зерттеудің бірегейі болып отырған Потаниннің жазбаларында, Молқыдан Мошан немесе Машан, Қошақ, Айтуған және Ботубай. Айтуғанның туылуын айдың жаңа тууымен байланыстырады.

Шыбарайғырлардың (шұбар айғыр) атасы Жанат деп аталды; ол батыр-қарақшы, қарақшы-батыр ретінде танылды. Аңызға сүйенсек, оншақты шұбар жылқыларға көзі түскен Жанат оларды ірі қамыстың арасына қуып кіріп, сойып жеген екен. Сол себепті де бұл рудың атауы осылай атанған делінеді. Шыбарайғырдан – Балта, Қабыл, Түлек, Өтез «Өтезь» тарайды. Өтездің ұлы – Жәнібек. Көріп отырғанымыздай, Қожаберген сардар Өтезден тарайды.

Бұл рулардың ең көп тарағаны Жантекей мен Жәдік, және бұл рулар жалпы Абақ-керейлердің тең жартысын құрады. Олар жазда Алтайдың таулы қыраттарында, ал қыста Қара Ертіс пен Үліңгірдің далалық аймақтарында көшпелі өмір салтын ұстанды. Шіреуші, Ителі, Қарақас және Молқы олармен аралас көшіп жүрді, соңғы екеуі Алтайдың оңтүстік беткейін, қырғыз халқының ең көп таралған шығыс шекаралық аймағына қоныстанды. Шыбарайғыр, Итемген, Жастабан, Меркіт Қара Ертістің сол жақ жағалауларын немесе Көксу жоталарында (Коксунь) көшіп-қонды (Потанин, 1881: 5).

Жалпы айтқанда, орыс тарихшысы Потаниннің еңбегіндегі Шыбарайғыр руының шежіресін тарқатқандағы жазған мәліметтері Шыбарайғыр шежіресіндегі деректермен сәйкес келеді. Оның жазбалары географиялық сипаттамалардан басқа түркі-моңғол халықтары ауыз әдебиетінің жүздеген аңыз-ертегілері үлгілерін жазып қалдыруымен құнды.

Жәнібек ұлы Қожаберген. Бұл кісі – Шыбарайғыр руының ұраны, қолына қазағымның қасиетті төрт туының біреуін ұстаған, алып батыр адам. Осы Қожаберген батырдан Байтайлақ, Қалыбай, Тоқбура, Малкелді, Ертісбай, (бұлар – бәйбіше аталады). Кененбай, Кенет, Мәті (Бабура аталады). Жандәулет, Шындәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай, (Бұлар Жүзік аталады) (Зұрғанбайұлы, 1996: 75).

М. Тынышбаев қырғыз-қазақ руларының шежіресін тарқатқан еңбегінде, Керей тайпасын екіге бөледі: Ашамайлы Керей және Абақ Керей. Абақ Керейдің ұрпақтарын

Меркіт, Жантекей, Жәдік, Жастабан, Шіреуші, Шыбарайғыр, Көнсадақ, Ителі, Итемген, Молқы, Сарбас деп бөледі. Шимойын руын Абақ Керей тайпасы ұрпағына емес, бір қызығы, Шимойындарды Ашамайлы керей ұрпағына кіргізген. Жастабаннан Бекназар мен Қосай тарайды (Тынышбаев, 1992: 111).

Қазақ әскерінің өзіндік дала заңы мен дәстүрлі соғыс өнері ежелден-ақ қалыптасқан. Қожаберген батыр да өз руын жауға қарсы бағыттарда өз ұранымен рух шақырып отырған.

Қазақ мемлекетінде тұрақты әскер болған жоқ, оның қызметін сырттан жау шапқанда жиналатын халық жасағы атқарды. Жасақтар рулық-тайпалық принцип бойынша құрылып, әрбір жасақты әйгілі батырлар басқарды. Әрбір рудың, әр тайпаның жасағының өз жауынгерлік ұраны болатын. Әдетте ұран екі жақтың жасағы кездескен кезде, қақтығыс алдында айғайлап айтылатын. Ұран қазақ сарбазын осындай қиын-қыстау сәтте тек ағайын-туысына ғана емес, бүкіл халықтың намысын қорғап шыққан қазақ жасағының күш-қуатын сезінуге жігерлендіріп, ерлік жасауға шақырды. Қазақтың бүкілхалықтық әскери ұраны – «Алаш». «Алаш» сөзі бүкіл қазақ пен бірқатар түркі тілдес халықтардың мифтік арғы тегінің атын білдіреді (Левшин, 1996: 312–313).

Осылайша, әр рудың немесе тайпа жасағының жеке жауынгерлік ұраны болғандықтан, Қожаберген батыр Жәнібекұлының шыққан тегіне қарай Абақ Керей тайпасының да өзіндік ұранымен ерекшеленді.

Абақ керей тайпасы төмендегідей ұрандарды (шартты айқай); Жантекейлерде – Шақабай (қырғыз деректеріне сүйенсек, бұл әйел адам болған деседі, ал кейбір мағлұматтарға қарасақ, Шақабайды барлық Абақ-керейлердің арғы атасы саналады); Жәдіктерде – Жантай, Ителілерді – Бұқарбай, басқаша Күйлеу деп айтылады, Шіреушілерде – Бай-тайлақ, Шұбарайғырларда – Қожаберген (Кодже-берген); Меркіттерде – Шағыр, Жастабандарда – Бай-мұрат, Шимойындар мен Қарақастарда – Қаптағай, Молқыларда – Машан, ал барлық Абақ-керейлерде – Жәнібек ұраны болып есептелді (Потанин, 1881: 6).

Жалпы Керей бірнеше атаға бөлінеді, қазақ ішінде Ашамайлы Керей, Абақ Керей, Керейіт аталатын бөліктері бар. Соның ішінде он екі ата Абақ Керей бір қыдыру ел: Жантекей, Жәдік, Қарақас, Молқы, Ителі, Меркіт, Шимойын, Жастабан, Шыбарайғыр, Шеруші, Көнсадақ, Құлтайболат. Абақ Керейді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында Қотырақ батыр бастап жүрсе, Абылай заманында ел тізгіні Қожаберген батырдың қолында болғанға ұқсайды» (Артықбаев Ж.О. Ұлы дала тарихында ізі сайраған Қожаберген батыр (Қазақ тарихындағы батырлардың рөлі, 2018: 141).

Қожаберген батыр Жәнібекұлының шыққан тегі Керей тайпасының Шыбарайғыр руы жайында бірқатар аңыз-әңгімелерді Г.Н. Потанин жазбаларында қалдырады. Соның бірі «Есекен батыр» (Эсекень-батырь) деп аталатын 5-ші аңыз. Ауызша дерекке сүйенсек, қазақ (қырғыз) халықтарының байырғы атасы Майқаби еді: оның ұлы Құрдым; Құрдымнан – Қызылқұрт; Қызылқұрттан – Шұбарайғыр тарады. Шұбарайғыр ұрпақтарының ішінде Есекен батыр болған. Ол Қаба өзені арғы жағалауында Қарабұта есімді кісінің егістік жерін жыртқан. Осы кезде егістік алқапта Оралтай Мамыр ханның (төре) бір топ табыны жайылып жүреді. Есекен батыр табынды егістіктен қуып жіберіп, «Қырғыз баласы!» деп бар жігерімен айтты. Бұл сөзді естіген Оралтай Есекен батырдың мойнына және аяғына темір кісен салып, суға тастауды бұйырды. Шыбарайғыр руы ағасын іздеп, оны су ішінен тауып алады. Осыдан кейін Шыбарайғырлар Оралтайды тонауға кіріседі. Төре болса бір түйеге мініп, қаша жөнеледі. Ол Шыбарайғырлармен бейбітшілікті үш құнға сатып алуға мәжбүр болды, осылайша төрелігінен айырылды. Сондықтан қырғыз сұлтандары да Жайық ұрпақтары сияқты нағыз тума емес, тек байлар. Тарбағатайдан шыққан Шыбарайғыр руының қырғызы (Потанин, 1881: 149–150).

Потаниннің жазып қалдырған бұл әңгімесінен Шыбарайғыр руының беделі мен ержүректігі басым, байқуатты рулардың бірі екендігі айтылып отыр. Шыбарайғырлардың арғы атасы Қызылқұрттан тарайды делінеді.

Осы әңгімеге сәйкесінше, 6-аңыздағы мәліметтерді тарқатып көрелік. Алтайдағы Қанас көлінің маңында көшіп-қонып жүрген, қазірде өзі дүние салған Әжі (Аджи) сұлтан:

Кәпір Мәліктің Қырғыз деген ұлы болған, Қырғыздан – Абылай, Абылайдан – Семен (Сэмень), Семеннен – Жабаға, Жабағадан – Көгедай, Көгедайдан – Әжі сұлтан тараған. Қырғыз тайпасы дінге мойынсұнбады, кәпірлер болды; Сол себепті де қазақ халқының батыры Қожаберген (Ходжа-Бергань) олармен соғыс жүргізді; соғыс жүрген аймақтан тастанды бала табылды, сол баланы Қожаберген тауып алып, бауырына басып, қазақтың ханы етті; міне, осы себепке орай, Оралтай Мамыр хан кәпірлердің ұрпағы ретінде Есекен батырдың «Қырғыздың баласы», - деген сөзіне ашуланған еді (Потанин, 1881: 150).

Берілген аңызда Қожаберген батырдың есімі аталады. Қазақ халқының батыры Қожабергеннің кәпірлермен соғыс жүргізгендігі айтылады. Бұл дегеніміз, батыр Қожабергеннің дінге мойынсұнғаны деп топшылаймыз. Екіншіден, «соғыс орын алған жерден баланы тауып, хан етті дегені» Қожаберген батырдың ақыл-кеңесі арқылы Абылайдың әлемге танымал, көршілес іргесі мықты империялармен арасындағы беделінің жоғары болғандығымен байланыстыруға болады.

Шыбарайғыр шежіресі бойынша, Қожаберген батыр 3 әйел алған екен. Олардан тараған ұрпақтары әйелдерінің атымен аталған.

Бәйбішеден: Байтайлақ, Қалыбай, Токбура, Малкелді, Ертісбай.

Бибісарыдан байбура, Байбурадан: Кененбай, Кенен, Мәті, Қоңқа.

Жүзіктен: Шындәулет, Жандәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай.

Қожаберген батырдың Байтайлақ, Қалыбай, Жандәулет қатарлы ұлдары әкелерімен бірге соғыс майданына қатысып, ерлік көрсетіп, батыр болғаны жайында ел аузындағы шежірелерде айтылумен қатар орыс, қытай тарихи құжаттарында да олардың аттары аталып, әке жолымен елінің тәуелсіздігі үшінгі жолындағы күрестері нақты деректермен келтіріледі (Баймолда, 2018: 107).

Шыбарайғыр руының шежіресі бойынша: Әмірсананың басына күн туып жансауғалап қашқан кезде өзінің Мұлтар (Мұнтыр) атты баласын Қожабергенге тапсырып аманат етіп қалдырған. Бұл баланы Қожабергеннің Жүзік (Дүзік) атты үшінші әйелі бағып өсірген. Қожабергеннің бұл әйелінен Шындәулет, Жандәулет, Рыстанбек, Бөгенбай, Меңдібай Кенжебай атты алты ұлы болған. Әмірсананың баласы делінетін Молтер (Мұлтар немесе Мұнтар) жетінші ұлы саналады. Оны басқа балалардан алалап, өгейсітпей өсіру мақсатында оған «Қазақбай» деген ат қойылған. Осы Қазақбайдан Қосан, Жанбол, Бибол атты үш ұл туып, кейін ұрпақтары өсіп үлкен әулетке айналған. Шежіре деректерде оның ұрпақтары шыбарайғыр руының ішінде әйел атымен аталатын Жүзік (Дүзік) руынан таратылады (Әділханұлы 2015: 224). Олардың ұрпақтары қазіргі кезде Баян-Өлгей аймағында, ҚХР Алтай аймағында және Қазақстанда қоныстанған.

«Қожа» (ходжа) сөздік қосымшасы бар есімдердің кездесуі далалық аймақта ислам дінінің кең таралуын білдіреді. «Қожа» тіркесі бар кісі есімдерінің Орталық Азиядағы белгілі бір діни қастаға қатысты әлеуметтік санатқа жатқызылуы да мүмкін. Сонымен қатар, бала атына есім таңдауда «қожа» тіркесін қосуды дәстүрге айналдырған отбасыларда туылған болуы да ықтимал (Хафизова, 2019: 388).

Осылайша, бұл аңыз-әңгіме Қожаберген батырдың мұсылман дінінің жақтаушысы, әрі ислам іліміне сенімі берік тұлға болғандығын меңзейді.

Революцияға дейінгі кезеңдегі зерттеушілердің бірі Н.А. Аристов еңбегінде қытай және Орынбор деректерінде Қожаберген батырдың есімі аталатындығын, батырдың Абылаймен жақтас жауға қарсы күрескендігін атап өтеді. Сондай-ақ, Аристов Қожаберген батырды Қытай жағына бағынды (Аристов, 1896: 84) деп жазады. Алайда, автордың бұл пікірімен келісуге ешбір негіз жоқ. Себебі, Цин империясы Абылайдың өз еркімен Қытайға бағынышты вассалы ретінде танылды деген пікір мүлде қате.

Бұл мәселе жөнінде, зерттеуші Нода: «Қазақ даласына Цин империясы әскери күштер енгізу арқылы қазақтарды жазалауды ұйғарды. Нәтижесінде, Абылай мәжбүрлі түрде Цин патшалығының вассалы атануға келісті» (Noda, 2016: 28) деп, бұл пікірдің саяси ықпалын аша түседі.

Сол дәуірде кісі есімінің жазылуына қазақ, орыс, моңғол, мәнжу және қытай халықтарының тілдік ерекшеліктері де әсер етті. Сол себепті де батырлардың біркелкі аталуы мен олардың қызметі үзік-үзік өмірбаяндық деректерге сүйеніп анықтау қиындық туғызады. Осы тұрғыдан алғанда, халық мұрасындағы ауызша деректер мен орыс, қытай және моңғол деректерін салыстыра талдау әдісін қолдану біршама мүмкіндіктер туғызады. Мәселен, Қожаберген мен Бердіқожа батырлардың рулық шежіресін анықтауда біршама алшақтық байқалады. Бердіқожа батырды кейбір деректер Орта жүздің керейлеріне жатқызса, енді бірі Шанышқылы руынан тарайтындығын айтады, ал Қожаберген батырды найман тайпасынан Қаракерей руына жатқызса, екіншілері Абақ-Керейге, ал тіпті кейбір деректерде жоңғар деп айтылады. Себебі, Қожаберген батыр қазақ-жоңғар және қазақ-қытай қарым-қатынастарының бел ортасында белсенділік танытқан тұлғалардың бірі еді. Оның ауылында ойраттар жиі төбе көрсететін. Қазақ старшиналары мен батырлары көршілес жоңғар ақсүйектерімен туыстық, тіпті, кейде ойрат батырларымен достық қарым-қатынастар орнатты. Барлық уақыттарда ойрат әйелдері қазақ жауынгерлерінің ең бір көрікті әскери олжаларының біріне айналған, ал қазақ батырлары қалмақ батырларымен жиі жауынгерлік шайқастарға түсіп отырды (Хафизова, 2019: 388).

Осы мәліметтерден біз біріншіден, Қожаберген батырдың халықаралық қатынастардағы беделінің жоғары болғандығы мен оның дипломаттық қырының шеберлігі байқалады. Екіншіден, қазақ және жоңғар батырлары арасындағы байланыс өте тығыз өрбіді, тіпті, қазақ Қожабергеннің ауылы ойрат тайпаларының мекенімен көршілес орналасты. Осылайша, екі халық арасындағы қарым-қатынастың соншалықты жақын болғандығы, кейбір деректерде батыр Қожабергенді жоңғар халқының батыры деп көрсететін қате мәліметтердің кездесетіндігі айтылады.

XVIII ғасыр ортасында Қожаберген елі «керей» этнонимімен аталатын жерлердің батысындағы қазіргі Қостанай облысының оңтүстік шығысында орналасқан Сарыторғай, Қараторғай өзені аңғарларын 1756 жылдың қыркүйек айына дейін мекен еткен. 1756 жылдың көз айларынан Абақ керей Шыбарайғыр елінің шығысқа қарай көші басталған. Қожаберген мен Қара Барақ әрқайсысы үш мыңдай шаңырақпен елін басқарып, 1757 жылдың мамыр айында Балқаштың шығысы Зайсан көлінің батысына қоныстанып біткен еді (Маусымұлы, 2023: 10).

Қожаберген батырдың Абылайдың сенімді сардары, әрі ақылшысы және Керей тайпасының белді қолбасшысының бірі болған. Абылай шығыс шекараға қатысты даулы мәселелерді шешуші рөлге Қожаберген батырды аттандырып отырған.

1771 жылғы 20 маусымдағы Сібір корпусының командирі С.К. Станиславскийдің кабинетінде жасалған Қытай шекарасындағы әскерилерді барлауға мүмкін болатын қалмақтарды іздеу жолы мен оларды табу туралы Өмір батырдың сөзінен алынған аудармасында Абылай сұлтанның қалмақтардың Қытайға кетуіне жол бермеу үшін жасаған әрекеті жөнінде айтылады: «Керей иелігінен Өмір батыр және оның ағасы Қожаберген (Козя-берды), Арғын тайпасынан – Атығай, Найман тайпасынан – Қалыбай (Қалабай) және Уақ (Увакской) тайпасынан – Қалабай, Телеу және Өтеген батырлар олардың жорықтарына кедергі келтіріп, жылқыларын айдап әкетеді. Абылай сұлтан қалмақ қосынынан екі күндік уақыттай жүретін шақырымда жүз мыңдық әскерімен қалмақтарды одан әрі кетіп қалмауын қадағалап тұр. Сонымен бірге ол Ресей жағынан да, Қытайдан да көмекке әскерлерді күтуде. Сонымен қатар, Өмір батыр бұл мағлұматтан басқаны жарияламады» (ОрОМА. 1-к. 1-т. 173-іс. 645-п.).

Құжаттан Керей тайпасының Қожаберген бастаған батырларының бір тобы қалмақтардың көздеген әрекеттеріне тосқауыл қою жолында, малдарын тонап кедергі келтіргендігін аңғарамыз. Ал Абылай сұлтанның өзі 100 мыңдық әскерімен қалмақтардың Қытай шекарасына өтіп кетпеуін бақылауында ұстады. Сондай-ақ, құжатта Абылайдың екі алып империядан да қолдау күткендігі айтылады. Өйткені, қалмақтардың шығысқа қарай бет алуы Ресей үшін де, Қытай империясы үшін де елеулі оқиғалардың бірі саналды. Орыс отарынан қашып құтылу мақсатында шығысқа қарай бет алу әрекеті орыс билігі тарапынан

міндетті түрде аямай жазалауды қажет ететін үлкен сатқындық деп есептеді. Еділ қалмақтары әуел бастан өздерін Цинь билігі бодандығын қабылдауға ниеттіміз деген ұранды сылтау ретінде пайдаланды, алайда, олардың шынайы көздеген мүддесі басқа болатын.

Жоңғарлардың Орта жүзге үздіксіз шабуылдарының арқасында Абылай тұтқынға түседі. Қалдан Серен ендігі кезекте қазақ еліне арнайы елшілерін жіберіп, жоңғар билігіне бағынуды талап етті. Қазақтардың ішіндегі белгілі де абыройлы батырлардың перзенттерін аманатқа беруді сұрады. Қазақтарға салық төлетіп, олардың көшіп-қонатын жайылымдарын өз рұқсатымен ғана пайдалануға беретіндігін айтып, сес көрсетті. Ал енді бұл саяси шиеленіскен жағдайдан хабардар болып отырған орыс феодалдарында қазақтарды уысынан шығып кетеді деген қорқыныш ұялады. Сол себепті де, Орыс билігі үш жүздің де беделді сұлтан-батырларынан қайта ант қабылдауға бекінді. Қазақтың үш жүзінің барлық ру-тайпаларының белгілі өкілдері мен қолбасшы батырлары Орыс патшасына қайта ант беруге мәжбүр болады. Бұл батырлардың арасында Қожаберген батырдың да есімі аталады. Бұған 1742 жылғы 23–30 тамыздағы Ералы сұлтан, Кіші, Орта және Ұлы жүз батырлары, билері мен старшындарының Әбілқайыр ханның ант беру хаты айғақтайды: «Мен, төменде аты аталғандарға, Құдіретті Жаратушыға және пайғамбарымыз Мұхаммедке уәде беремін және оған қарыздармын. Және оның шынайы және табиғи ұлы ханшайымы Елизавета Петровнаға, оның ең жоғары еркіне сәйкес, таңдалған және белгіленген мұрагерлер адал, мейірімді және мойынсұнғыш құлдар мен бағынушылар болып табылады, және барлық жоғары билік құқықтары мен артықшылықтарына жататын, заңдастырылған және бұдан былай заңдастырылатын, барынша түсінікке, күш пен ескертуге және қорғауға қабілеттілікке сәйкес және бұл жағдайда қажет болған жағдайда барлық жағдайда өз өмірімізді аямаймыз....»

Жоғарыдағы берілген ант бойынша, төменде сипатталған қырғыз-қайсақ старшындары мен басқа да қайсақтар Әбілқайыр ханмен бірге Елизавета патшайымға 1742 жылы 23 тамызда жеке кеңесші және кавалер Неплюев пен Әбілқайыр ханның қатысуымен ант беріп, таңбаларын қойды, атап айтқанда: 30 тамызда олар Керей руының Орта Ордасынан Қожаберген батыр (Кузяберган-батыр) ант берді (РИССА. Қазақ істері қоры, 122-т. 4-іс, 158–169-п.). Берілген құжаттан батыр Қожаберген Жәнібекұлының Керей руының беделді батырларының бірі екендігі, сол кездегі жоңғарға қарсы күрес бастаған абыройлы жауынгер болғандығы айқын көрінеді.

Қожаберген батырдың шығу тегіне қатысты мәселеде 1758 жылы ақпанындағы мәнжу тіліндегі «Қазақ ру-тайпаларының отбасы саны туралы тізім» дәптеріндегі төменде берілген деректің маңызы басым. Дерек мәтіні бойынша: «Ашамайлы керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Ашамайлы керейдің Құрқар руының 2 000 отбасы Мазаркелді батырдың билігінде; Абақ керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде; Абақтың 5 000 отбасы Нияз батырдың билігінде; Ителі керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде; Бұл керейдің 5 руы»... (Еженханұлы, 2007: 47–50).

Осы құжаттан атақты батыр Қожаберген Жәнібекұлының он екі ата Абақ-Керейден тарайтын ұрпақ екендігіне көз жеткізуге болады. Екіншіден бұл дерек, Қожаберген батырдың хан Абылай билігі тұсындағы қазақ жасақтарының белгілі бір бөлігін басқарған ірі қолбасшы болғандығын айғақтайды. Үшіншіден, бұл ақпараттың өзін Абылай ханның өзі мәлімдегендіктен, осы деректе есімі аталған батырлардың барлығының да абыройы биік, мемлекетшіл, Абылай ханның сенімді сардарлары болғандығын дәлелдей түседі. Деректен батыр Қожабергеннің қоластында мың отбасынан құралған Абақ Керейдің әскеріне қолбасы ретінде жауға аттанғаны айтылады.

Өз дәуірінде Керей тайпасының абыройлы батыры атанған Қожаберген Жәнібекұлының Семей қаласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп, қытай әскерінің соққысынан Жоңғар хандығы құлдырап жатқанда, жеңілген қалмақ әскерлері жағында күрескендігі белгілі тарихшы Г.Н. Потанин жазбаларында айтылады. Екіншіден, автор тарихи жазбасында Қожаберген батырды аңызға айналған тұлға екендігін анық жазады, сонымен бірге қырғыздарда жаңа туған нәрестеге байырғы ата-бабаларының есімін қою

дәстүрі аңыздардағы тұлғалардың есімін шатастыруға алып келетіндігін айтып өткен (Потанин, 1881: 35). Бұл айтылғандардан ел арасында аты аңызға айналған батырдың өз халқынан бөлек, орыс, қытай, ойрат-жоңғар әскерлері арасында беделі мен күрескерлік келбеті мен батырлық тұлғасының биік екендігі көрінеді.

Қорытынды

Қазақ халқының дәстүрінде ата-тек, қай рудан таралуы, қай атаның ұрпағы деген мәселелерде шатасулар өте көп кездесетіні анық. Себебі, халқымыздың әдет-ғұрып, тарихи санасында бірінші орында ұрпақ тәрбиесі, қан тазалығы бойтұмар ретінде биік тұратыны белгілі. Абылайдың оң қолы, сенімді сардар-батыры Қожаберген Жәнібекұлының шығу тегі мен өмір жолын қарастыруда түйгеніміз, батыр туралы зерттеулер мен ел аузындағы аңыз-әңгімелер, шежірелерін жинақтаудың маңыздылығы анықталды. Бұл алдағы уақытта әлі де табанды ізденіс пен ғылыми негіздеуді қажет ететін мәселе болып қала бермек. Қожаберген батыр Жәнібекұлының ата-тек әулетін қарастыру оның Қазақ мемлекеттілігін қалыптастыру жолындағы ерлігін, қазақ халқының азаттығы жолындағы күресін зерттеуге мүмкіндік береді. Батыр туралы аңыз-эпсаналық сипаттағы деректерден, архив құжаттарынан Қожаберген Жәнібекұлының Керей тайпасының Шыбарайғыр руының әскербасы ретінде тұтас Қазақ халқының азаттығы жолындағы күрескерлік танытқан тұлға екендігіне көз жеткіздік.

Дереккөздер

ОрОМА — Орынбор облысы мемлекеттік архиві
РИССА — Ресей империясының сыртқы саясаты архиві

Sources

SAOR — State Archive of the Orenburg Region
AVPRI — Archive of Foreign Policy of the Russian Imperial

Әдебиеттер тізімі

- Аристов, 1897 — *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из Живой старины. Вып. III и IV. СПб.: Тип. С.Н. Худекова. Владимирский пр., 1897. № 12. 84 с.
- Әділханұлы және т.б., 2015 — *Әділханұлы Л. және т.б.* Абақ керей Шыбарайғыр руы шежіресі. Үрімжі: Гуаңда жауапкершілігі шектеулі баспа серіктігі, Илин баспа орталығы, 2015. 1060 б.
- Баймолда, 2018 — *Баймолда Д.* Қожаберген батыр Жәнібекұлы. Алматы: Мерей, 2018. 256 б.
- Вельяминов-Зернов, 1853 — *Вельяминов-Зернов В.В.* Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азией со времени кончины Абул-Хайр хана 1748–1765 г. // Оренбургские ведомости. Уфа: Губернская типография, 1853. № 13. С. 96–98.
- Еженханұлы, 2017 — *Еженханұлы Б.* Қожаберген батыр (1756–1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу-қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Арыс, 2017. 496 б.
- Ерофеева, Жанаев, 2007 — *Ерофеева И.В., Жанаев Б.Т.* История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. V том. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. Алматы: Дайк-Пресс», 2007. 620 с.
- Зұрғанбайұлы, 1996 — *Зұрғанбайұлы Р.* Шыбарайғыр Қожаберген батыр. Өлгей, 1996. 160 б.
- Крафт, 1898 — *Крафт И.И.* Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург: Типолитография Н. Жаринова, 1898. 59 с.
- КРО, 1961 — Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сост.: Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова и др. Изд. Академии наук Казахской ССР. Алма-ата, 1961. 743 с.
- Қазақ тарихындағы батырлардың рөлі, 2018 — «Қазақ тарихындағы батырлардың рөлі» атты республикалық ғылыми-практикалық конф. материалдар жинағы. Алматы, 7 қараша 2018 ж. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 141 б.
- Левшин, 2009 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Под общ.ред. акад. М.К. Козыбаева. Алматы: Санат, 2009. 656 с.
- Маусымұлы, 2013 — *Маусымұлы О.* Біз жүзікпіз (тарихи естелік). Алматы: ARNA-B, 2013. 160 б.
- Мыңжан, 1994 — *Мыңжан Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994. 399 б.
- Потанин, 1881 — *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, исполненного въ 1876–1877 годахъ по поручению Императорскаго Русскаго Географическаго Общества членомъ-сотрудникомъ онаго Г.Н. Потанинымъ. Выпуск II. Материалы этнографические. СПб.: Типография В. Киршбаума. Въ д. М.: на Дворц. пл., 1881. 181 с.

- Тайшыбай, 2011 — Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. Алматы: «Ел-шежіре» ҚК, 2011. Т. 1. 640 б.
- Тынышбаев, 1992 — *Тынышбаев М.* Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). Алма-Ата: Жалын, 1992. 148 с.
- Хафизова, 2019 — *Хафизова К.Ш.* Степные властители и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 476 с.
- Noda, 2016 — Noda J. Казахское ханство между Российской и Цинской империями: международные отношения Центральной Евразии в XVIII и XIX веках. Серия: Исламское краеведение. Лейден; Бостон: Брилл, 2016. 350 с.

References

- Adilhanyli, 2015 — *Adilhanyli L. jane baskalar.* Abak kerey shybaraygyr ruyi shejiresi [Abak Kerey Shbaraigyр Clan Genealogy]. Yrimji: Guanda jauapkershiligi shekteuli baspa seriktigi, Ilin baspa ortalygy, 2015. 1060 p. (In Kaz).
- Aristov, 1897 — *Aristov N.A.* Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemen i narodnostey i svedeniya ob ih chislenosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]. Otdelnyiy ottisk iz Jivoy starinyi. Vol. III–IV. 1896. Sankt-Peterburg: Tip. S.N. Hudekova. Vladimirskiy pr., 1897. No. 12. 84 p. (In Russ.).
- Baymolda, 2018 — *Baymolda D.* Kojabergen batyr Janibekyli [Kozhabergen batyr Zhanibekuly]. Almaty: Mery, 2018. 256 p. (In Kaz).
- Ejenhanyly, 2017 — *Ejenhanyly B.* Kojabergen batyr (1756–1767 jyldarda kalyiptaskan manju-kytay myragat kyjattary negizinde) [Kozhabergen batyr (on the basis of Manju-Chinese archive documents formed in 1756–1767)]. Almaty: Arys, 2017. 496 p. (In Kaz).
- Erofeeva, Janaev 2007 — *Erofeeva I.V., Janaev B.T.* Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI–XX vekov [History of Kazakhstan in Russian sources]. V tom. Pervye istoriko-etnograficheskie opisaniya kazahskih zemel. Pervaya polovina XIX veka. Almaty: Dayk-Press, 2007. 620 p. (In Russ.).
- Hafizova, 2019 — *Hafizova K.Sh.* Stepnyie vlastiteli i ih diplomatiya v XVIII–XIX vekah [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th–19th centuries]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2019. 476 p. (In Russ.).
- Kazak tarihyndagy batyrlardyn roli, 2018 — «Kazak tarihyndagy batyrlardyn roli» [The role of heroes in Kazakh history] atty respublikalyk gyilyimi-praktikalyk konf. materialdar jinagy. Almaty, 7 karasha 2018 j. Almaty: Kazakh universiteti, 2018. 141 p. (In Kaz).
- Kireev, et al., 1961 — Kireev F.N., Aleynikova A.K. et al. Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah [Kazakh-Russian relations in the 16th–18th centuries]. Alma-ata: Izd. Akademii nauk Kazahskoy SSR., 1961. 743 p. (In Russ.).
- Kraft, 1898 — *Kraft I.I.* Sbornik uzakoneniy o kirgizah stepnyih oblastey [Collection of laws on the Kirghiz of the steppe regions]. Orenburg: Tipolitografiya N. Jarinova, 1898. 59 p. (In Russ.).
- Levshin, 2009 — *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kaysatsskih, ord i stepey [Description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaisats, hordes and steppes]. Pod obsch. red. akad. M.K. Kozybaeva. Almaty: Sanat, 2009. 656 p. (In Russ.).
- Mausymyli, 2013 — *Mausymyli O.* Biz jyzikpiz (tarihi estelik) [We are rings (historical memory)]. Almaty: ARNA-B, 2013. 160 p. (In Kaz).
- Mynjan, 1994 — *Mynjan N.* Kazaktyn kyskasha tarihy [Brief history of Kazakh]. Almaty, 1994. 399 p. (In Kaz).
- Noda, 2016 — *Noda J.* Kazahskoe hanstvo mejdu Rossiyskoy i Tsinskoy imperiyami: mejdunarodnyie otnosheniya Tsentralnoy Evrazii v XVIII i XIX vekah [The Kazakh khanates between the Russian and Qing empires: central Eurasian international relations during the eighteenth and nineteenth centuries]. Boston: Brill, 2016. 350 p.
- Potanin, 1881 — *Potanin G.N.* Ocherki Severo-Zapadnoy Mongolii [Sketches of Northwestern Mongolia]. Rezultaty puteshestviya, ospolnennago vy 1876–1877 godahy po porucheniyu Imperatorskago Russkago Geograficheskago Obschestva chlenomy-sotrudnikomy onago G.N. Potaninyimy. Vyipusk II. Materialyi etnograficheskie. Saint-Petersburg: Tipografiya V. Kirshbauma. Vy d. Moscow: na Dvorts. pl., 1881. 181 p. (In Russ.).
- Tayshyibay, 2011 — *Tayshyibay Z.S.* Kazaktyn hany Abylay: Dauiri, omiri men kyzmeti [Kazakh khan Abylai: era, life and activities]. Gyilyimi basyilyim. Almaty: «El-shejire» КК, 2011. Т1. 640 p. (In Kaz).
- Tyinyishbaev, 1992 — *Tyinyishbaev M.* Velikie bedstviya... (Aktaban-Shubyryndy) [Great disasters ... (Aktaban-Shubyryndy)]. Alma-Ata: Jalyin, 1992. 148 p. (In Russ.).
- Velyaminov-Zernov, 1853 — *Velyaminov-Zernov V.V.* Istoricheskie izvestiya o kirgiz-kaysakah i snosheniyah Rossii s Sredney Aziey so vremeni konchinyi Abul-Hayr hana 1748–1765 g. [Historical news about the Kyrgyz-Kaisaks and relations between Russia and Central Asia since the death of Abul-Khair Khan 1748–1765.] // Orenburgskie vedomosti. Ufa: Gubernskaya tipografiya, 1853. No. 13. Pp. 96–98. (In Russ.).
- Zyrganbayly, 1996 — *Zyrganbayly R.* Shybaraygyr Kojabergen batyr [Shybaraygyr Kozhabergen batyr.]. Olgey, 1996. 160 p. (In Kaz).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З. XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	289
Серғалиев М.Х. ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....	303

ТАРИХ

Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А. 1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	318
Жиренов А.А., Ошан Ж. «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....	333
Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347	347
Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М. АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....	361
Қапбаров Г.Ш., Шашаев Ә.К., Қарибаев С.У. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....	373
Қасымбекова М.Ә. БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387	387
Қуанбай О.Б. АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....	398
Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т. ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	411
Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	424
Оралова А.А. ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435	435
Стамшалов Е.И. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	447
Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	462
Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	478
Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К. «ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (XVI – XX Ғ. БАСЫ).....	492

АНТРОПОЛОГИЯ

Сакенов С. ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ).....	507
---	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З. ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	289
Сергалиев М.Х. ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....	303

ИСТОРИЯ

Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....	318
Жиренов А.А., Ошан Ж. ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....	333
Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	347
Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М. ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....	361
Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У. ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....	373
Касимбекова М.А. ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....	387
Куанбай О.Б. ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....	398
Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т. ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.: ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....	411
Нурпенсова Э.Т., Абиля Е.А., Буканова Р.Г. ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....	424
Оралова А.А. НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....	435
Стамшалов Е.И. ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	447
Тулбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М. ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....	462
Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX ВЕКА.....	478
Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К. ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.).....	492

АНТРОПОЛОГИЯ

Сакенов С. ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА).....	507
--	-----

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

Sergaliev M.Kh.

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

HISTORY

Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

Zhirenov A.A., Oshan Zh.

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

Kasimbekova M.A.

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

Kuanbay O.B.

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

Oralova A.A.

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

Stamshalov Ye.I.

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

ANTHROPOLOGY

Sakenov S.

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.06.2024.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)
261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй